

Қ. Н. Әбуғалиев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының ҒЗИ ІІО қызметін реттейтін заңнаманы зерттеу және мониторингтеу мәселелері бойынша орталығының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ІШКІ ІСТЕР ОРГАНДАРЫНДАҒЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ МОНИТОРИНГ ҰҒЫМЫ

Аннотация. Мақалада құқықтық мониторингі ұйымдастырудың кейбір мәселелері аталған және бұл мәселелерді құқықтық мониторингтің жүйесі мен құрылымын ұйымдастыруды қайта қарастыру жолымен шешу ұсынылған.

Түйін сөздер: заңнама, құқық қолдану тәжірибесінің мониторингі, ведомстволық норма шығару, құқықтық мониторинг субъектілері, Заң департаменті, жоспар жобасы.

Заңнама және құқық қолдану тәжірибесінің мониторингі, сонымен қатар оны жүзеге асыру барысында алынған нәтижелер мемлекеттік биліктің барлық тарауларындағы органдарға өзінің мемлекеттік билік өкілеттіктерін іске асыру бойынша өз қызметтеріне кешенді, сапалы талдау жасауға мүмкіндік береді¹. Мониторинг дегеніміз бір жағынан заңнама мен құқық қолдану тәжірибесін жетілдірудің, екінші жағынан қазіргі мемлекеттік-құқықтық саясатты іске асырудың бөлінбейтін құрамдас бөлігі болып табылады.

Қазақстан Республикасының ішкі істер органдарындағы (бұдан әрі — ІІО) құқықтық мониторинг өз алдына ІІО қызметі аясын реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру бойынша ұсыныстарды іске асыру мен дайындау тиімділігін бағалау мақсатында Қазақстан Республикасында қолданудың жағдайы мен тәжірибесі туралы ақпараттарды жинау, қорыту және талдау бойынша қызметті қояды. ІІО-да құқықтық мониторингтің мақсаттары төмендегідей:

- ІІО қызметі аясын реттейтін ескірген, қызмет етпейтін және тиімсіз нормативтік құқықтық актілер мен құқықтық нормаларды, сонымен қатар ақауларды, қайшылықтарды анықтау;
- ІІО қызметі аясын реттейтін ескірген, қызмет етпейтін нормаларды алып тастау, ақаулар мен қайшылықтарды жою;
- ІІО қызметі аясында тиімді нормо шығармашылық механизмін құру;
- ІІО қызметінің жекелеген бағыттарын құқықтық реттеудің тиімділігін бағалауды анықтау;
- ведомстволық норма шығару және құқық қолдану тәжірибесінің субъектілері арасында ара байланыстың үнемі болу жүйесін құру;
- ведомстволық норма шығару қызметінде нормативтік-құқықтық базаны қолдану бойынша ұсыныстарды рет-ретімен дайындауда құқық қорғау қызметі аясында оны дамытудың шетелдік тәжірибесін қорыту және талдау.

ІІО жүйесіндегі құқықтық мониторингтің негізгі міндеттері төмендегідей:

- ІІО қызметі аясында нормативтік-құқықтық реттеуді жетілдіру;
- ІІО қызметі аясында нормативтік-құқықтық реттеуді жетілдіру процесін ақпараттық-аналитикалық және ғылыми тұрғыда қамтамасыз ету;
- заңнама мен құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру туралы ақпараттарды жинау, қорыту және талдау процестерін автоматтандыру және біріктіру негізінде ІІО норма шығару қызметін жоспарлауды ақпараттық қолдау.

ІІО құқықтық мониторингінің субъектілері төмендегідей:

- комитеттер, департаменттер, ІІМ орталық аппаратының дербес басқармалары (республикалық деңгей);

– Астана және Алматы облыстарының, қалаларының ішкі істер департаменттері (оның ішінде көліктегі) және қылмыстық атқару жүйелері, қалалық және аудандық ішкі істер бөліністері (аумақтық деңгей).

ПО-дағы құқықтық мониторинг төмендегідей нормалар жағдайын талдауға және іске асыруға бағытталады:

– ПО қыметіне қатысты халықаралық келісімшарттарды;

– ПО қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерді;

– ПО-ға қатысты нақты істер бойынша сот шешімдерін.

– ПО-ғы құқықтық мониторинг төмендегідей нысанда жүзеге асырылады:

– қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді жинау, қорыту, зерделеу, жағдайына талдау жүргізу және баға беру;

– құқық қолдану тәжірибесін жинау, қорыту, зерделеу, талдау жүргізу және баға беру.

Қолданыстағы нормативтік актілерді жинау, қорыту, зерделеу, жағдайына талдау жүргізу және баға беру аясында құқықтық мониторинг субъектілері өз құзыреті шегінде төмендегідей өкілеттікті іске асырады:

– ведомстволық нормативтік құқықтық актілердің (құқықтық актілердің) қолданылуы туралы түсінік береді;

– ПО қызметіндегі құқықтық реттеу кемшіліктерін анықтайды;

– нормативтік құқықтық қамтамасыз етудегі ағымдағы қажеттілігіне баға береді және келешегін болжайды, әрі ПО қызметіндегі норма шығару жұмыстарын жетілдіру бойынша ұсыныстар дайындайды.

Құқықтық мониторинг субъектілерімен құрылған және өзекті болып табылатын заңнама мен құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру бойынша ұсыныстар ПМ-нің негізгі ұйымдастыру шаралары Жоспарына енгізілуі мүмкін.

Құқық қолдану тәжірибесін жинау, қорыту, зерделеу, талдау жүргізу және баға беру аясында құқықтық мониторинг субъектілері өз құзыреті шегінде төмендегідей өкілеттікті іске асырады:

– құқық нормаларын іске асырудағы проблемалық мәселелерді анықтайды;

– құқық қолдану тәжірибесін қорытады және талдайды;

– ПО қызметіндегі нормативтік-құқықтық реттеуді жетілдіру бойынша ұсыныстар құрады;

– ПО қызметіндегі құқық қолдану тәжірибесімен байланысты құқықтық мәліметтер базасын құрады және оны сүйемелдейді.

Құқықтық мониторингі ұйымдастыру негізі ПО құрылымдарының құрылуына сәйкес құралады және өз құзіретінен тыс республикалық деңгейдегі құқықтық мониторинг субъектілеріне және аумақтық деңгейдегі субъектілерге бөлінеді. Республикалық деңгейдегі құқықтық мониторинг субъектілері құқықтық мониторинг мақсаттары мен принциптерін басшылыққа ала отырып, төмендегідей міндеттер мен қызметтерді атқарады:

1. Комитеттер, департаменттер, ПМ орталық аппаратының дербес басқармалары:

– құқықтық мониторингтің бағыттарын тұжырымдайды, сонымен қатар тиісті бөліністер құзыреті шегінде ПО қызметіне қатысты мәселелер бойынша заңнамалық актілер жобаларын және заң күшіндегі ведомстволық нормативтік құқықтық актілер жобаларын дайындауда қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру бойынша жеке міндеттердің қойылуын тұжырымдайды;

– тиісті бөліністер құзыреті шегінде ПО қызметін нормативтік құқықтық реттеуді жетілдіру бойынша ұсыныстарды жинақтауды, қорытуды ұйымдастырады;

– тиісті бөліністер құзіреті аясында заңнаманы қолдану тәжірибесін зерделейді және қорытады;

– өзектілігі мен пайдалылығына орай бөліністер позициясын айқындайтын заңнаманы және құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру бойынша ұсыныстарға пікір беруді жүзеге асырады;

– ПМ Заң департаментіне оның ақпараттық базасын толықтыру үшін құқықтық мониторинг қорытындысы бойынша жинақталған материалдарды жібереді;

– ПМ норма шығару және ғылыми-зерттеу жұмыстарында жылдық және келешектегі жоспарларын құруға қатысады.

2. ПМ Заң департаменті:

– ПО қызметін құқықтық реттеуді жетілдіру мәселелері бойынша құқықтық мониторинг субъектілері қызметін үйлестіреді;

– құқықтық мониторингтің әдістемелік ұйымдастырылуын қамтамасыз етеді;

– құқықтық мониторингтің ақпараттық базасының өзекті жағдайда құруды және қолдауды қамтамасыз етеді;

– ПМ ресми Интернет-сайтында өткен жылғы құқықтық мониторинг нәтижелерін (мемлекеттік құпияны құрайтын мәліметтерден басқасын) ұсынады;

– құқықтық мониторинг субъектілерінен түскен заңнама мен құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру бойынша ұсыныстарды ПМ негізгі ұйымдастыру шаралары Жоспарының жобасына қосудың өзектілігі мен пайдалылығына қатысты талдау жасайды;

– Ішкі істер министріне «ПО қызметіндегі құқықтық мониторинг нәтижелері туралы» жыл қорытындысы бойынша баяндама дайындайды.

– ПМ Техникалық қызмет департаментінің қамтамасыз ететіні:

– ПМ ПО және ішкі әскер қызметін нормативтік құқықтық қамтамасыз ету мониторингінің автоматтандырылған аналитикалық ақпараттық жүйесін құру, енгізу және сүйемелдеу.

Республикалық және аумақтық деңгейдегі (ПМ Заң департаментінен басқасы) құқықтық мониторинг субъектілері құқықтық мониторингтің мақсаттары мен принциптерін басшылыққа ала отырып, төмендегідей міндеттер мен қызметтерді орындайды:

– қылмыстылықпен күрес, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету аясында нормативтік құқықтық реттелу жағдайы туралы мәліметтерді жинайды, қорытады және жүйелейді;

– ПО қызметі аясында заңнама мен құқық қолдану тәжірибесін жетілдіру бойынша ұсыныстар құрады;

– ПМ Заң департаментіне оның ақпараттық базасын толықтыру үшін құқықтық мониторинг қорытындысы бойынша жинақталған мәліметтерді жібереді;

– ПМ норма шығару жұмыстарының жылдық және келешектегі жоспарларын құруға қатысады;

– ПМ орталық аппарат бөліністерімен мониторингті жүзеге асыру мәселелері бойынша өзара әрекет етеді;

– нормативтік-құқықтық реттеу жағдайын талқылау мен талдауды ұйымдастырады, ПМ ведомстволық білім беру ұйымдарының профессорлық-оқытушылық құрамы өкілдерінің және ғылыми зерттеу бөліністерінің жетекші мамандарының қатысуымен нормативтік-құқықтық реттеуді жетілдіру және ондағы кемшіліктерді жою жолдары туралы ұсыныстар дайындайды, алынған мәліметтерді құқықтық мониторингтің ақпараттар базасына енгізеді;

– құқық қолдану тәжірибесінің проблемалық мәселелері және құқықтық мониторингтің ақпараттар базасын толықтыру бойынша электрондық жинақтау істерін жүргізуді қамтамасыз етеді.

ПО құқықтық мониторингінің мақсаттары мен міндеттері оның барлық субъектілерінің қызметі арқылы іске асырылады. Құқықтық мониторингті жүзеге асыруды ұйымдастыру тізбегі тікелей қарамағында болатын, сондай-ақ қарамағында емес құқықтық мониторингтің басқа да субъектілерімен өзара әрекеттегі ПО құқықтық қамтамасыз ету бөліністері болып табылады. Өзара әрекет ПО қызметі аясында нормативтік құқықтық реттеуді жетілдіру бойынша ұсыныстар мен қолданыстағы заңнаманың жағдайы туралы ақпараттарды жинақтау және талдау мүддесімен жүзеге асырылады.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены некоторые проблемы организации правового мониторинга и предложены пути их решения путем пересмотра подходов к организации его системы и структуры.

RESUME

In hired some problems of organization of the legal monitoring are enumerated and solution of these problems offers by the revision of going near organization of the system and structure of the legal monitoring.

¹ «Ішкі істер органдары қызметін реттейтін заңнама және заң күшіндегі актілер мониторингі» ғылыми-зерттеу тақырыбы бойынша есеп // Қазақстан Республикасы ПМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының Ғылыми-зерттеу институты